

Әлемдік желіде жоғарыда келтірілген мысалдар секілді «Friend»: жақын адамнан электронды жазылушыға айналған, «Profile»: ғылыми саладағы белгілі заттың эскизінен, ғаламтордағы онлайн парақшаға айналған секілді «жаңа өрнектер» өте көп.

Қазіргі уақытта Ғаламтор адамзат бұрын-соңды білмеген білімнің ең үлкен көзі екенін жоққа шығару қиын. Үлкен және кіші қашықтықтағы пайдаланушылар арасындағы байланыстың сенімділігі, жылдамдығы және қол жетімділігі сияқты мүмкіндіктер Ғаламтор желісін таным құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар байланыс құралы ретінде де пайдалануға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы лингва франка ретінде ағылшын тілі кез-келген басқа тілге қарағанда өзара әрекеттесуге бейім, сондықтан оның әр аспектісіне Ғаламтор желісінің қолданысы әсер етіп, көптеген өзгерістер пайда болуда.

Сонымен, жаңа сөздерді ойлап табудағы және қолданыстағы сөздердің жаңа мағыналарын ойлап табудағы Ғаламтор қолданушыларының ерекше шығармашылық белсенділігінің нәтижесінде Ғаламторлық әсерге ұшыраған ағылшын тілінің сөздік құрамы ғана емес, лингва-франктың грамматикасы мен жалпы құрылымының өзгеруіне әкелетін тиісті лексикалық бірліктердің пайда болуын көріп отырмыз. Және де жоғарыда келтірілген мысалдардан прагматикалық тұрғыдан сөздердің өзгеріске ұшырауы жаһандық деңгейде сипат алатынын көруге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Дэвид Кристал. Language and the Internet. – Cambridge University Press, 2006. – 24 б.
2. Остин Дж. Как совершать действия при помощи слов. 1975. 122-129 б.
3. Серл Джон. Речевые Акты. 1969
4. Арутюнова Н.Д. Фактор адресата // Известия АН СССР. Серия литературы и языка. – 1981 - №4 – 356 б.
5. Подучева Е.В. Семантические исследования. Семантика времени и вида. Семантика нарратива. – «Языки русской культуры». 1996- 221 б.
6. З.Ш.Ерназарова. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. 2001. - 193 б.
7. С.С.Искакова. Қазақ терминтаңымының когнитивтік-прагматикалық аспектісі.– 2008. - 354б.
8. Темиргазина З.К. Оценочные высказывания в русском языке. – 1992. -270 б.
9. Е.Б.Тяжина. Прагматический аспект междометий (на материале казахского и французского языков). –Алматы, 2006. -150 б.
10. Джордж Уль. Прагматика. – 1996.
11. Шаикова Г.К. Лингвистическая прагматика: учебн-методическое пособие для студентов филологических специальностей. – 2007. – 59 б.
12. Н.И. Хохлова. Classification of nominative binomials. А.И.Герцен атындағы РГПУ Хабаршысы – 2009. – 138 б.
13. URL: <https://www.urbandictionary.com/define.php?term=Karen>
14. URL: https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/definition/english/catfish_1?q=catfish
15. URL: <https://dictionary.cambridge.org/ru/словарь/английский/tweet>

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫШЛЫН МАҚАЛДАРЫНДАҒЫ «БАҚЫТ» КОНЦЕПТІСІ

Темірбай А.Х.

Магистрант 1 курса ЕНУ им.Л.Н.Гумилева,
Ғылыми жетекшісі Н.З. Жуманбекова

Тіл – кез келген мәдениеттің негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Тіл ұлттық сананың барлық ерекшеліктерін көрсетеді, өйткені ол ойды білдіреді, ал ойлау өз кезегінде адамдардың дүние туралы түсініктерін қалыптастырады. Сондықтан тілді талдау арқылы белгілі бір халықтың мәдени дүниетанымының ең дәл портретін жасауға болады. «Бақыт» - ежелгі заманнан адамзат баласын толғандырған ойлаған іргелі мәдени ұғым болып табылады. Қазіргі таңда жаһандану дәуіріндегі рухани құндылықтардың өзгеруіне байланысты әлеуметтік тұрғыдан өзекті ең маңызды ұғымдардың бірі – «бақыт» концептісі. Елдердің өзіндік идентификациясын жоғалтуға әкелетін жаһандануға деген жалпы ұмтылыс салдарынан мұндай лингвомәдениеттану ерекше өзекті бола бастайды.

Осылайша, мақалада қазақ мен ағылшын тілдеріндегі «бақыт» ұғымын мақалдар негізінде салыстырмалы талдау жасауды өз алдына мақсат етіп қойды. «Бақыт» концептін сөздік анықтамалар мен қазақ және ағылшын мақалдарының негізінде зерттеу, қазақ және ағылшын мәдениеттері арасындағы «бақыт» концептісін түсінудегі елеулі айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтайды.

Бүгінгі таңда тіл білімінде лингвомәдени концептілерді зерттеу, лингвистикада жоғары қарқынмен дамып келе жатқан зерттеу салаларының бірі. Кез келген концепт лингвистикалық, философиялық, психологиялық, мәдени және басқа да көптеген аспектілерде қарастырылады.

Тіл білімінің когнитивтік саласында тек қана орыс тіл білімі саласында «бақыт» концептісі лингвомәдени концепт тұрғысынан [1] және екі этнос (қалмақ және ағылшын) [2], (орыс және француз) [3] тілдеріндегі «бақыт» концептісінің лингвомәдени сабақтастығы тұрғысынан зерттелінген. В.А.Маслова өзінің еңбегіндегі эмоционалды концептілер деген тарауында эмоционалды пен эмотивтік туралы айтқан өзге ғалымдардың пікірін талдай келе: «Мы понимаем эмоциональность как психологическую характеристику личности, состояние и уровень развития ее эмоциональной сферы. Эмотивность же – это лингвистическая характеристика слова, предложения, способная произвести эмоциональный эффект, вызвать у языковой личности соответствующие эмоции» - деп, осы бағыттағы концептілерге *бақыт* пен *қуанышты* жатқызады [4, с. 227].

Концепт- ол тілдік тұлғаның тілдік-когнитивтік деңгейлерінің негізгі бөлшегі, әлемнің шындық немесе көркемдік негізін көрсетуші ұжымдық сананың қозғалысын айқындаушы бірлік. Адам санасындағы дүние бейнесінің үзіктері концептердің көмегімен сөз арқылы таңбаланып көрініс табады, вербалданады.

«Концепт» терминінің теориялық негіздері Д.С. Лихачев, Н.Д. Арутюнова, Е.С. Кубрякова, А.Н. Мороховский, Н.К. Рябцева, В.А. Маслова, А.Я. Гуревич, А.А. Залевская, А. Вежбицкая т.б. зерттеу еңбектерінде қарастырылып, олардың «концепт» жайлы ой-тұжырымдары концептіні құрылымына енетін сөздердің мағыналық жақтан өзара үйлесе келіп, негізгі өзек – тірек сөздің аясына шоғырлануынан туындайтындығын дәлелдейді. Қазақ тіл білімінде «концепт» термині К. Керимбековна, А. Қайдар, Р. Сыздық, Ж. Манкеева, Н. Уәлиев, Б. Қалиев, Қ. Жаманбаева, Г. Смағұлова, Б. Ақбердиев, Г. Снасапова, М. Күштаева, С. Жапақов, Қ. Қайырбаева, А. Сыбанбаева, А. Ислам, Ш. Елемесова, Н. Аитова, А. Әмірбекова, Ж. Саткенова, Ж.Жампейісова, С. Жиренов, Б. Нұрдәулетова, Г. Мұратова, Ж. Қошанова т.б. зерттеушілердің еңбектерінде әр қырынан зерттеледі [5].

Когнитивтік лингвистиканың негізгі категориясы – концепт бірнеше түрге бөлінеді. В.А. Маслова концептіні жеке тұлғалық концептілер, адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты концептілер, жалпыұлттық концептілер деп таратады [6].

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «бақыт» және «happiness» сөздерінің мағынасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. «Бақыт» ұғымын зерттеуді қазақ және ағылшын тілдері

ана тілі болып табылатын адамдардың түсінігінде бұл сөздің мағынасын қалай көрініс табатынынан бастау керек. Ол үшін сөздіктерде берілген «бақыт» сөзінің анықтамаларын салыстырып көрейік.

Бақыт базалық концептісінің мағыналық-ақпараттық өрістерін Қазақстан Ұлттық энциклопедиясындағы бақыт ұғымына берілген анықтама негізінде алдық. Энциклопедияда бақыттың басты түсініктері деп мыналар берілген: 1) бақ-дәулет, «қолға қонған құс», ырыздық; 2) қуаныш, ләззат, рахат; 3) жақсылыққа, ізгілікке жету, даналық; 4) өмірден өз орнын табу, толыққанды тұлғаға айналу [7, 95 б.].

З.К. Дербишева өзінің монографиялық жұмысында «бақыт» ұғымымен байланысты атрибутивтік комбинацияларға тән когнитивтік-семантикалық ерекшеліктерін атап көрсетеді:

- бақыттың уақытша аспектісі;
- бақыттың «адамдық» қасиеттері;
- сезімнің көлемі мен маңызы бойынша;
- эмоционалды негізде бағалау;
- бақыттың көріну қарқындылығы бойынша;
- көлемі мен салмағы бойынша;
- түсі бойынша бойынша;
- дәмі бойынша;
- алған әсерлері бойынша;
- бақыттың көріну сипаты бойынша;
- тұрақтылық негізі бойынша;
- субъект тұрғысынан – бақыт иесі [8].

Ағылшын тілінде «happiness» (n) сөзі мынадай мағынада қолданылады: 1. The state of being happy. «Бақыт» сөзінің анықтамасын нақтылау үшін «happy» (adj) сөзінің мағынасын да қарастырайық: 1 Feeling or showing pleasure or contentment. 1.1 (happy about) Having a sense of trust and confidence in (a person, arrangement, or situation); 1.2 (happy with) Satisfied with the quality or standard of 1.3 [with infinitive] Willing to do something. 1.4 [attributive] Used in greetings. 2 [attributive] Fortunate and convenient.

Жоғарыдағы мысалдарға қарай отырып, «бақыт» сөзінің қазақша анықтамасы кеңірек екенін байқауға болады. Ағылшын тілінде бұл ұғым неғұрлым қарапайым, түсінікті және нақты артықшылықтармен байланысты: егер сіз ағылшынды бақытты еткіңіз келсе, оған сенімділік және тұрақтылық беріңіз. Ағылшындар өздерінің бақыты мен әл-ауқатын өз қолдарына алып, кереметтерді күтпейтін сияқты. «Бақыт» концептісінің мағынасы қазақ халқының дүниетанымында жақсылыққа кенелу, шат-шадыман өмір сүру, мерейі үстем болу, ырысты болу, дәуірі жүру, тасы өрге домалау т.б. ізгі қасиеттерді адам баласының басынан өткеруі деген түсінікпен береді.

Ағылшын тілінде «luck» (n) сөзінің мағынасы: 1 *Success or failure apparently brought by chance rather than through one's own actions.* 1.1 *Chance considered as a force that causes good or bad things to happen.* 1.2 *Something regarded as bringing about or portending good or bad things.*

«Fortune» (n) сөзінің мағынасы: 1 Chance or luck as an arbitrary force affecting human affairs. 1.1 Luck, especially good luck. 1.2 The success or failure of a person or enterprise over a period of time. 2 A large amount of money or assets. Бір қызығы, «fortune» сөзіне берілген анықтамалардың бірі – үлкен ақша сомасы. Бұл тағы да ағылшындардың үміттерінің рационалдылығын көрсетеді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі бақытты сипаттайтын мақалдар: ұқсастықтары мен айырмашылықтарды келесі үзіндіде көрсетейік. Халық қай кезде де аталы сөзді жоғары бағалап, қадір тұтып, есте сақтаған, эстетикалық, тәрбиелік мәні зор көркем айшықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Сол себепті мақалдар кез келген халық өмірінің өткені мен бүгінін,

болашағын жалғастыратын алтын арқау, рухани, мәдени салт-дәстүрді жалғастырушы, адам санасында, қоғам жадында, тілінде, дінінде сақталатын рухани қазына.

Ағылшын мақалдарының басым көпшілігі бақыттың себептері туралы айтады. Себептер абстрактілі (*kindness brings happiness; the riches of the mind may make a man rich and happy*), және де нақты (*happy wife, happy life; if mama ain't happy, ain't nobody happy*) болып келеді. Ағылшын паремияларына семантикалық талдау жасау барысында Гарбузова Т.М. [9], И.С. Гварджаладзе, А.Л. Гильбертсон, Т.Г. Кочинашвили [10] и Степанов В.Ю. сияқты авторлардың кітаптарынан қарастыру барысында «бақыт» ұғымына байланысты бірнеше тақырыптық топтар анықталды:

бақыт - қуаныш ретінде;

бақыт - сәттілік ретінде;

бақыт - байлық ретінде;

бақыт - денсаулық ретінде;

бақыт - жеткен жетістіктер ретінде;

бақыт - ұрпақ жалғасы ретінде;

бақыт - еңбек ретінде;

бақыт - батылдық, табандылық ретінде.

Қазақ тілінде, «бақыт» концептісімен байланысты талданатын мақалдар мынадай үлкен тақырыптарға бөлініп, олардың мағыналары когнитивтік тұрғыдан талданды:

Туған жер, Отан, атамекен;

Батыр, ер, азамат, жаужүрек;

Денсаулық;

Отбасы, мейірімді әке, жақсы әйел, ақылды бала;

Адам бойындағы түрлі мінез-құлықтар;

Бақ – көшпелі.

Мысалдар: «*Жер – адамның бесігі, ел – бақыттың есігі*», «*Өзін өзі билеген ел бақытты, Өзін өзі білген ер бақытты*», «*Ынтымақ жүрген жерде, Ырыс бірге жүреді*» деген мақалдар елдік, тәуелсіздік, көпшілік, ырыс болған елге бақ қонып, құт дарып, бақытты ғұмыр кешетіндігін айтады.

Бұл тағы бір рет қазақ және ағылшын тілдеріндегі «бақыт» ұғымына байланысты айырмашылықтарды көрсетеді. Қазақ халқы – көшпелі өмірді басынан кешіріп, ұлан-байтақ даласын жаудан қорғап, кейінгі ұрпаққа аманат ету жолында тер төккен халық, сондықтан мақалдар көбіне отанмен, ырыс-берекемен, батырлықпен байланысты.

Дегенмен, мұндай мағынадағы мақал-мәтелдердің пайызы аз болғанымен, екі мәдениеттің түсінігінде де бақытқа адам өзі жетуі керек деген түсінік бар (*әр адам өз бақытының ұстасы; бақыт — қолға қонған құс, all happiness is in the mind; everyone is the maker of his own fate*). Ал мына: *Адам бақытты болуы тиіс, Ал бағы жанбаса оның өзі ғана кінәлі* деген мақал бақытқа жету үшін барлық нәрсе адамның өзіне байланысты екендігін дәлелдесе, *Жаманға бақ қонса қонғанын сезбей, Ұшқанын бірақ сезеді* деген мақалда жаман адам бақтың қалай қонғанын сезбей, ұшқанын бірақ сезетіндігін айғақтайды.

Ағылшындар бақытсыздық басталған болса, әлі де оның жалғасы болады деп сенеді. Мысалы: *It never rains but it pours; Misfortunes never come alone*. Ағылшындардың пікірінше, қайғы-қасірет, бақытсыздық көрмеген адам көрмеген бақыттың қадірін толыққанды түсіне алмайды. *Misfortunes tell us what fortune is; Failure teaches success;*

Көне заманнан қалыптасқан халық танымында бақыт, бақ тұрақты емес, ол – көшпелі. Осы тұрғыдан алғанда бақыт танымы қазақ мақал-мәтелдерінде көптеп кездеседі. Мысалы, «*Басыңа бақ қонғанда, жұрттан асқан данасың. Басыңнан бақ қайтқанда, қалыбыңа барасың*», «*Бағың тасқан кезінде, шобыр қоссаң бәйге алар. Бағың қашқан кезінде, сәйгүлігің құр қалар*» деген

мақалдарда адамға бақ қонғанда оның қандай болатыны, бақ қайтқанда нендей күйге түсетіні туралы айтады.

Еңбекқор ағылшындар бақыт "көктен құлап түспейді" деп сенді, оған жету үшін жалқау болмау керек, сіз көп жұмыс істеп, оны өзіңіз алуыңыз керек. Сондықтан олар кез-келген биікке, жетістікке күш-жігерсіз, еңбексіз жету мүмкін емес деп санайды. Тек еңбекпен бақытқа қол жеткізіледі. *Every man is the architect of his own fortunes. - Әр адам өз бақытының сәулетшісі; Happiness isn't inherited, it's got to be earned.- Бақыт мұра болып қалмайды - оған өзің қол жеткізесің; Fortune is good to him who knows how to make good use of it* – Фортуна оны қалай қолдануды білетін адамға беріледі.

Қазақ халқының түсінігінде еңбек еткен адам еріншек болмайды. Сол себепті халық еңбекті өзінің бақыты, қол жеткен табысы, жеткен жемісі деп білген. «Еңбек пен бақыт егіз», «Еңбек – ырыстың бұлағы, Еңбек – бақыттың шырағы» деген мақалдарда еңбек пен бақыттың бір екендігі, еңбектің бақытқа апарар жол екені туралы айтылады.

«Еңбексіз рақат жоқ, Машақатсыз бақыт жоқ», «Еңбек еткен мұратқа жетеді, Бас пен бақ та бітеді» деген мақалдарда адамның басына бітетін бақ, бақыт, байлық, мұрат тек еңбек ету арқылы ғана жететіндігін айтады. Ал сол бақыт еңбектің қиындығы пен машақатын жеңу арқылы келеді. Сол сияқты *Жер – ырыстың кіндігі, Еңбек – ырыстың қазығы. Мал саусаң – сүт, Жер саусаң – құт* деген мақалдарда жерде ырыс, байлық бар, ал сол ырыс пен байлықты еңбек арқылы игересің десе, еңбектеніп жерден өнім алсаң үйіңе құт кіретінін айтады. Сол себепті *Есік қаққанша, Нәсіп бақ* деген мақал көрінгеннің есігін қағып тамақ сұрағанша, еңбек етіп нәсібіңді өзің тауып же деген мағынада жұмсалып тұр. *Құр жатқан Тәңірінің құтынан қағылады* мақалы да еңбек етуді, әрекет қылуды меңзеп тұр.

Қорыта келе, «бақыт» концептісімен байланысты талданған паремиологиялық бірліктер халықтың күнделікті тұрмысынан, дүниетанымынан туындап, дәуір көшімен бірге халық ауыз әдебиетінің асыл жауһарына айналып, халықтық туынды дәрежесіне жеткен. «Бақыт» ұғымымен байланысты қай мақал алсақ та, оның бір өзгешелігі – талдауға өте қолайлы, бұл мақалдардан түсініксіз, мағынасы көмескі сөздер мүлде кездеспейді.

Бұл жұмыста қазақ және ағылшын мақалдарының мысалдарындағы "бақыт" ұғымы қарастырылды. Мақал, тілдің басқа фразеологиялық бірліктері сияқты, халықтың мәдениеті мен психологиясының барлық күрделі кешенін, оның бейнелі ойлау тәсілін көрсетеді.

«Бақыт» концептісінің мағынасы қазақ халқының дүниетанымында жақсылыққа кенелу, шат-шадыман өмір сүру, мерейі үстем болу, ырысты болу, дәуірі жүру, тасы өрге домалау т.б. ізгі қасиеттерді адам баласының басынан өткеруі деген түсінікпен береді.

Ағылшындар әлдеқайда прагматикалық және рационалды көзқарасты ұстанады. Бақыт олар үшін қарапайым, көбінесе материалдық заттарда жатыр. Олар бақытты мақсат ретінде емес, өмірдің жағымды компоненттерінің бірі ретінде қарастырады. Ағылшындар бақытқа қздері ұмтылады және сәттілікке үміттенбейді. Осылайша олар өз бақытының жаратушысы болады.

Қазақ тіліндегі "бақыт" және ағылшын тіліндегі «happiness» ұғымдарын талдау әлемнің тілдік бейнесіндегі айырмашылықтарды көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Воркачев С.Г. Счастье как лингвокультурный концепт. Монография. – М. Гнозис. 2004. 236стр.
2. Лагаева Д.Д. Лингвокультурный концепт «счастье» в калмыцком и английском языках. Диссертация на соискании к.ф.н. Элиста, 2009.
3. Богданова М.А. Идея счастья и способы ее актуализации (на материале русского и французского языков). Автореферат на соискании к.ф.н. Волгоград, 2010, 22 стр.

4. Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. –М.: ФлинтаНаука, 2007. – 296с.
5. Ержанова, А. С. Концепт ұғымының теориялық негіздері / А. С. Ержанова, А. К. Сыдықова, А. Е. Туребаева. —// Молодой ученый. — 2015. — № 7.2 (87.2). — С. 73-75.
6. Лотман Ю.М. Культура и взрыв. – М.: Гнозис, 1992.
7. Қазақстан ұлттық энциклопедия. 2 том. Алматы. «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы.1993. – 720 бет.
8. З.К. Дербишева Основы лингвокогнитивного сравнения языков: монография /. — М.: ФЛИНТА, 2020. — 336 с.
9. Гарбузова Т.М. Английский язык в пословицах и поговорках: English through proverbs / Т.М. Гарбузова. – Ростов н/Д: Феникс, 2013. – 155 с. 500 английских пословиц и поговорок. Сост.: И.С.
10. Гварджаладзе, А.Л. Гильбертсон, Т.Г. Кочинашвили. 5-е изд.//Издательство литературы на иностранных языках. – М., 1960. – 32 с.

УДК 811.133.1:81'367

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ФРАНЦУЗ ТІЛІНДЕ ТАЛДАУ

Темірбек Асыл Темірқуатқызы

Mr.assyl2001@icloud.com

Астана Халықаралық Университетінің “Шет Тілі: Екі Шет Тілі” маманығының 3курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Ахмедина Б.К.

Фразеологизмде фразеологизм немесе тұрақты тіркестер деп аталатын фразеологиялық бірлік - бұл сипаттамада сөздердің еркін ассоциациясына қарсы тұратын көп немесе бірнеше сөздерден тұратын жиынтығы.

Бұл тұжырымдамаға келетін болсақ, зерттеушілер арасында бірыңғай көзқарас жоқ, өйткені фразеологиялық бірліктердің әртүрлі түрлерінің атаулары, осы түрлердің анықтамасы, олардың бір-бірінен бөлінуі және жіктелуі даулы.

Фразеология негізінен психологиямен, философиямен, Тарихи ғылымдармен тығыз байланысты. Қазіргі уақытта фразеологиялық бірліктерді кеңінен түсінуді түсіндірушілер фразеологиялық бірліктерді зерттеу ғылымын кеңейтуді ұсынады. Қазіргі заманғы преференциялар фразеологияны бірқатар семантикалық дәрежелерде талдайды, оның антонимдік, синонимдік, омонимдік және көп мағыналы құбылыстарын зерттейді. Фразеология тұрақты тіркестердің эмоционалды-экспрессивті ерекшеліктеріне байланысты, оларды қолдану аясында стильдік саралау кезеңін анықтайды және жалпы стильдік белсенділікті ажыратады.

Фразеология саласын тіл білімінің жеке пәні ретінде қалыптастыруда, оның формаларын, орны мен табиғатын зерттеу әдістерін анықтауда, маңызды теориялық тұжырымдарды тұжырымдауда көптеген отандық лингвист ғалымдардың еңбектері ерекше орын алады. Оларға Кеңесбаев І., Қайдаров А.Т., Сабитова М.Т., Исабеков С. Е., Сатенова С.К., Смағұлова Г.Н., және т. б. кіреді.

Аудармашы Герольд Бельгер Абай атамыздың бірде-бір сөзі қарапайым аудармаға жатпайтынын айтқан. Міне, оның сөздері: "сөздерді аудару керек емес, Абайдың өзін жүрекпен және жанмен қалай сөйлейтінін сезіну керек, оны сезімтал ақылмен түсініп, көреген жанмен сезіну керек, ал түсініп, сезініп, басқа тілдің экспрессивті құралдарымен көбейту керек, оларға жиі қол жете алмаймыз, көп сөздері бағынбайды. Менің ойымша, Абайдың поэзиясын орыс